



« 27.08.2022 ж

Бұйрық № 18/1

**Аққұдық орта мектебі бойынша сыбайлас жемқорлық әрекетпен
заңсыз ақшалай қаражат жинауға тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі Білім туралы Заңының 63, 64 баптарының және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарына сәйкес, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы 21 қыркүйектегі № 257 бұйрығы және Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2022 жылғы 05 қыркүйектегі № 274 бұйрығы негізінде, Аққұдық орта мектебінде жемқорлық әрекет пен заңсыз ақшалай қаражат жинау фактілерінің алдын алу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Білім алушылардың ата-аналарынан және заңды түрдегі өкілдерінен, білім беру мекемесінің педагоготарынан заңсыз ақша қаражаттарын жинауға тиым салынсын;
 - 1.1. Заңсыз ақша қаражаттарын жинауды болдырмау туралы мұғалімдер мен ата-аналар арасында алдын алу шараларын жүргізу директордың тәрбие орынбасары А.Е.Акниязоваға міндеттелсін.
 - 1.2. Заңсыз ақша жинауды болдырмау мақсатындағы «Сенім» телефоны мен электронды «Сенім» жәшігінің жұмыстары жалғастырылсын, түскен сұрақтарды тіркеу журналын жүргізу мектеп психологы Г.Г.Мендигаринаға жүктелсін.
2. Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасын дамыту Қазақстан Республикасының 27 шілде 2007 жылғы «Білім туралы» Заңының 64 бабына сәйкес жүзеге асырылсын.
 - 2.1. Білім алушылардан және олардың ата-аналарынан заңсыз түрде ақша жинау деректері анықталған жағдайда тәртіптік жаза қолдану мектеп директоры А.М.Кунтаевқа міндеттелсін.
3. Білім беру мекемесінде педагогикалық ұжым, ата-аналар қауымдастығы және білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетті ұйымдастыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» іс-шаралар жоспарын құру және жүзеге асыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Е.Акниязоваға міндеттелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме жүктеймін.

Аққұдық орта мектебінің директоры:  А.М.Кунтаев

